

Е.А. АЗИ¹, Р.Н. ИМАНЖҮСІП², А.Б. БЕКЕНОВА^{3*}¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты

(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.), e-mail: esentygel73@mail.ru

²филология ғылымдарының докторы, профессор

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.), e-mail: raushankoshenova@mail.ru

³Ақтан жырау атындағы орта мектептің мұғалімі

(Қазақстан, Ақтөбе қ.), e-mail: esmuhanakkurtka@gmail.com

ИМАНЖҮСІП МҰРАЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИ-ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Салдық, серілік туралы әңгіме қозғағанда, олардың әншілік, композиторлық, палуандық қырлары мен сұлуларға құмарлығын сөз етумен ғана шектеле береміз. Негізгі мәселе басқада секілді. Салдар мен серілердің ғұмыр жолдарын саралап отырсаңыз, тамаша басталып, тауқыметпен біткен тірлікке куә боласыз. Сал мен серінің бәріне бірдей жабысқан жалғанның жайсыздықтарына қалай баға береміз? «Үш жүзге аты мәлім» Біржан салдың өзін байлап-матап қор қылды. Ақанның сүйікті Құлагерін мерткітіріп, алжытып жіберді. Мәди мен Иманжүсіпті торға тоғытып, ақыры түбіне жетті.

Сонау адамзат тарихы таңбалана бастаған тұстан бері қарай сараласаңыз, кейбір жандардың басы нөқтаға сыймайтын тарпаң жаратылатынына куә боласыз. Олардың тыныс-тірлігі өзгелерден басқаша өрбігенін көресіз. Оларды да жаратқан бір Алла. Өзін ақылды санайтын адамдар оларды есі ауысқан мүсәпір көреді. Авторлар салдар мен серілердің де өзіндік сипаттары олардың ерекше жаралғандығында жатыр деп жобалайды. Сал-серілер өздерінің сан қырлы өнерлерімен қазақ мәдениетін биікке жетеледі. Көшпенділер мәдениетінің ілгері жылжуына мол үлестерін қосқан деп есептейді. Еңбекте сол турасында ізденіс жасалып, мақала өресі осынау ойлар, тақырыптар төңірегінде өрбиді.

Кілт сөздер: Иманжүсіп, сал-сері, өнер, ақын, әнші, салт-дәстүр, көшпенділер, қазақ, мәдениет.

Е.А. Azi¹, R.N. Imanzhusip², A.B. Bekenova³¹PhD Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University

(Kazakhstan, Nur-Sultan), e-mail: Esentygel73@mail.ru

²Doctor of Philological Sciences, Professor

L.N. Gumilyov Eurasian National University

(Kazakhstan, Nur-Sultan), e-mail: raushankoshenova@mail.ru

³Teacher of Secondary School named after Aktan Zhyrau

(Kazakhstan, Aktobe), e-mail: esmuhanakkurtka@gmail.com

Cultural and Historical Significance of the Imanjusip Heritage*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**Ази Е.А., Иманжүсіп Р.Н., Бекенова А.Б. Иманжүсіп мұраларының мәдени-тарихи маңызы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2021. – №1 (119). – Б. 89–101. <https://doi.org/10.47526/habarshy.vi1.481>***Cite us correctly:**Azi E.A., Imanjusip R.N., Bekenova A.B. Imanjusip muralarynyń mádeni-tarihi mańyzy [Cultural and Historical Significance of the Imanjusip Heritage] // *Iasayı ıniversitetiniń habarshysy*. – 2021. – №1 (119). – B. 89–101. <https://doi.org/10.47526/habarshy.vi1.481>

When it comes to “sal” and “seri”, it is limited only to talking about their singing, composing, wrestling qualities and their predilection for the fair sex. But the question seems to be different. Analyzing their life path, you become a witness to a beautiful life that ends tragically. How can you assess the adversities of fate that have not spared any of them? Well-known Birzhan Sal was tortured. Akan Seri's favorite steed, Kulager, was wounded, losing his mind as a result. Madi and Imanjusip were eventually killed by being put behind bars.

If we analyze the history of mankind from the very beginning, we can see that some people are born with a wild character and their lives developed differently from those of others. They were also created by Allah. People who think they're smart think they're helpless lunatics. The authors suggest that their peculiarities lie in their special nature. “Sal” and “Seri” have elevated the Kazakh culture with their diverse art. The authors believe that they have made a huge contribution to the promotion of nomadic culture. The article discusses the reflections on this topic.

Keywords: Imanjusip, sal-seri, art, poet, singer, traditions, nomads, Kazakh, culture.

Е.А. Ази¹, Р.Н. Иманжусип², А.Б. Бекенова³

*¹PhD докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Нур-Султан), e-mail: esentygel73@mail.ru*

*²доктор филологических наук, профессор
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Нур-Султан), e-mail: raushankoshenova@mail.ru*

*³учитель средней школы имени Актан жырау
(Казахстан, г. Актөбе), e-mail: esmuhanakkurtka@gmail.com*

Культурно-историческое значение наследия Иманжусипа

Когда речь идет о «салах» и «сери», ограничиваются лишь разговорами об их певческом, композиторском, борцовском качествах и их пристрастии к прекрасному полу. Но вопрос кажется в другом. Анализируя их жизненный путь, становитесь свидетелем прекрасной жизни, которая заканчивается трагически. Как можно оценить невзгоды судьбы, которые не обошли стороной ни одного из них? Самого Биржан сала, «известного трем жузам», замучили. Любимого скакуна Акан сери Кулагера ранили, в результате выжив из ума. Мад и Иманжусипа в конце концов погубили, сажая за решетку.

Если проанализировать историю человечества с самого начала, можно увидеть, что некоторые люди рождаются с необузданным характером и, что их жизнь развивалась иначе, не как у других. Их тоже создал Аллах. Люди, считающие себя умными, считают их беспомощными сумасшедшими. Авторы предполагают, что их особенности заключаются в их особой природе. «Салы» и «Сери» своим разнообразным искусством возвысили казахскую культуру. Авторы считают, что они внесли свою огромную лепту в продвижение культуры кочевников. В статье рассмотрены размышления на данную тему.

Ключевые слова: Иманжусип, сал-сери, искусство, поэт, певец, традиции, кочевники, казах, культура.

Кіріспе

Қазақ мәдениеті, өнері тарихында жыршылық, әншілік, салдық, серілік дәстүрдің орыны ерекше екені даусыз. Өзіндік ерекшеліктерімен, сан алуан өнерлерімен қалың ортаны тамсандырып өткен сол бір дүлдүлдердің қоғамдағы қолтаңбалары қашан да қазақ халқы үшін маңызды болып қала бермек. Жыраулық дәстүрдің шарықтау заманы қазақ хандығы тұсында деп алсақ, ақындардың, сал-серілердің даңқының асқақтауы ХІХ ғасыр бедерінен көрінеді. Жаратушы ие асқан талантты бойларына мырзалықпен құя салған Біржан сал, Ақан сері, Мұхит Мералыұлы, Жаяу Мұса, Балұан Шолақ, Мәди Бәпиұлы, Сары Батақұлы, Қызыл

Тұрдалыұлы, Тәңірберлі Молдабай және де басқа өмірін өнер жолында өткізген дүлдүлдер көшпенділер мәдениетіне зор үлес қосып, қазақ музыкасының классикалық туындыларын дүниеге әкелді.

Осындай жұлдызды топ қазақтың байтақ даласының әр қиырында жүрсе де асқақ рухты ән-жырлары үндесіп жатты. Олар шығармаларына әсемдік, сұлулықты, нәзік лириканы, қоғамдағы келеңсіз жағдайларды, әлеуметтік теңсіздіктерді, отарлаушыларға қарсы наразылықтарын арқау етті.

Осы бір алыптар шоғырының дәстүрін жалғастырған жарқын жұлдыздар қатарында Иманжүсіп Құтпанұлының есімін ерекше атауға болар еді.

Әдіснама

Зерттеу жұмысының діттеген мұратына жақындауы үшін кешенді әдіснамалық жүйелер пайдаланылады. Әлеуметтік-философиялық, дінтанулық, мәдениеттанулық талдаулардың сан қилы ғылыми әдістеріне сүйене отырып, тақырыптың өзектілігін ашуға тырысамыз. Қазақ өнерінің, мәдениетінің қайнары саналатын абыздық құбылыстың жалғасы іспетті дәстүр сал мен серінің жан-жақтылығының қыры мен сырын бағамдау жолында қызметтері мен шығармашылықтарын қарастыру шеңберінде салыстырма талдау әдістері, жалпы философиялық және салыстырмалы мәдениеттанудағы ыңғайлар қолданылған.

Иманжүсіп Құтпанұлы және оның заманы

Халық арасынан шыққан өнер саңлақтары Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Сары Батақұлы, Біржан сал, Мұхит Мұралыұлы, Ақан сері, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Мәди, Жеті қайқы серілер тобы, т.б. қазақ музыкасының классикалық туындыларын дүниеге әкелді һәм қазақ мәдениетіне, оның өркендеуіне үлестерін қосты. Осындай дүлейлер қатарында өзінің даралығымен оқшау тұрған Иманжүсіп Құтпанұлының да алар орны ерекше. Иманжүсіптің кім екенін, шығармашылық мұрасын, дүниетанымын түсіну үшін оның ғұмыр жолына, заманының ахуалына, жалпы ортасына назар аударған абзалырақ. Халық композиторы, әнші, ақын, ел бүтіндігі мен бостандығы үшін арпалысып өткен ер – Иманжүсіп Құтпанұлы (1863–1931) Ертіс жағасында жарық дүние есігін ашқаннан бақиға аттанғанша жұртының қамын жеп, өнерін өміріне арқау етіп өткен хас серінің өзі.

Иманжүсіп туралы сөз айтпас бұрын, әңгімені оның ата-тегінен бастаған лазым. Ел мүддесіне адалдық, озбырлыққа өшпенділік Иманжүсіпке ата-бабасынан дарыған дәстүр екені ақиқат. «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деп жырлаған жауынгер жұрттың әр баласы атаға қарап өсті. «Әке көрген – оқ жонар» дегеннің нақ өзі. Иманжүсіп елдің азаттығы үшін арпалысып өткен әулеттің асыл нәсілі. Оның атасы да, әкесі де азаттық жолында алысқан арыстар. Атасы Тұрғанбай датқа Сіргебайұлы (1794–1850) Қоқан хандығына қарсы азаттық қозғалысты бастап шығып, Түркістан шаһарында қапияда қазаға ұшырайды. Ал, әкесі Құтпан (Баймырза) Тұрғанбайұлы (1817–1914) бастан аяқ Кенесарының ұлт-азаттық көтерілісіне қатысады. Ақыр соңында баласымен бірге Жетісуға жер аударылып, ұзақ жасап, айдауда жүріп өледі. XIX ғасыр басында, дәлірек айтсақ, Әлім ханның тұсында (1800–1809) қалың қазақ жайлаған Сыр бойын Қоқан басып алғаны тарихтан мәлім. Хиуа хандығы Мұхамед Рахым (1806–1825) шағында ерекше нығайып, кәдімгідей іргелі мемлекетке айналды. Осы кезеңде Қоқан, Хиуа билеушілерінің озбырлығына төзбеген Сыр бойындағы Орта жүзбен Кіші жүз қазақтарының 1812, 1816, 1820, 1850 жылдардағы қанды шайқастарға шығып, бірде жеңіп, бірде жеңіліп жүргені мұрағат деректерінде сақталған. Құтпан Кенесары хан әскерінің сапында болып, кейін 1914 жылы тұтқында, Жетісуда қайтыс болған» [1, 201-б.].

Қазақ совет энциклопедиясында [2, 405-б.] И. Құтпанұлының 1863 жылы Павлодар облысының Ақсу (бұрынғы Ермак) ауданында дүние есігін ашып, 1928 жылы Жамбыл облысының Мойынқұм жерінде көз жұмғаны туралы мәлімет келтірілген. Кейінгі

зерттеулерде сері, 1930 жылы 20 желтоқсанда ОГПУ тарапынан қамауға алынып, 1931 жылы Тараз қаласында Совет өкіметіне қарсылық жасаған деген айып тағылып атылғаны көрсетіледі. Мұны нақты анықтауға болады деп ойлаймыз.

Өткен ғасырмыздың руханият әлеміндегі қаһарман тұлғалардың бірегейі – Иманжүсіп. Ол бар болмыс бітімімен ұлы суреткер, асқақ рухты күрескер, кемел композитор, – деп кемеңгер Ә.Кекілбаев баға берген қазақ халқының аяулы перзенті Иманжүсіп сияқты қазақтың бір туар өнерпаздары халықтың дәстүрлі мәдени тұнығынан сусындап, ерлік, намыс туын көтере білді. Ел аузындағы аңыздарда оның намысты әрі өнерлі болып өскені, көпшілік ішінде даңқы ерте шыққаны, бірақ өз тұсындағы азулылар мен атқамінерлердің сұғына шалынып, қысым көргені, қуғынға ұшырағаны айтылады. Менмен би-болыстар батырдың үстінен жала жауып, шағым айтып, екі рет: Өскеменге және Жетісуға жер аудартады. Мұндай қысымдар әлеуметтің әлпештеген ардақты ұлы – ақын, әнші, сері, батыр Иманжүсіпке көп қасірет шектіреді.

Жүз қатыны қазақтың ұл тапса да,

Бәрібір Иманжүсіп бола алмайды! – деген сынды сөздерімен-ақ өзін-өзі танытып тұрған қайраткер, жігер мен дарынды бір бойына сіңірген Иманжүсіп Құтпанұлы – есімі тарих беттерінде алтын әріппен жазылуға лайық тұлға. Ұлттың азаттығы мен бостандығы жолында күрескен батыр, ақтаңгер ақын, композитор. Ғалым Берік Жүсіпов: «Иманжүсіп – қазақ мәдениетіндегі шынар тұлға, бағасын білген өнерпаз. Оның серілік салтанат-сейілді паш еткен бостан ойлы өлең-жырлары мен «Сарыарқа», «Сармойын», «Әкем Құтпан», «Сарыбел», «Бұғылы-Тағылы», «Ерейментау», «Сейфілмәлік» сияқты сом алтыннан құйылған інжу-маржан әндері ұлт руханиятының керегесін кеңейткен кемел дүниелер. Иманжүсіптей текті тұлғаның талассыз тағдыры, бұғауға бағынбаған бұлалығы бүгінгі ұрпақ үшін өлмес өнеге», – деп көрсетеді.

Отарлаушы күшке, езгіге қарсы күресіп өткен Иманжүсіп бар күш-жігерін еліне бағыштап өткен сайыпқыран. Тарихта болған және тарихи оқиғаларға қатысып, бел ортасында жүрген батыр тағдырын көптеген қаламгерлер мен ақындар шығармаларына арқау етті. Оның өмірі мен шығармашылығы, оның өзі өмір сүрген заманымен астастыра суреттеген туындылардың қай-қайсысын алып қарасақ та, ел-жұртының болашағына алаңдаған қайсар ердің ерлігі мен азаматтығын танытады.

Ресей империясының қазақ даласын тегістей уысына түсірген мезгілінде ғұмыр кешкен өнерпаз бар ғұмыры сол отарлаушы жақпен тайталаста өткен деуге саяды. Көшпенді еркін жұртты езгіге алуға тырысқан елдің әділетсіз әрекеттеріне, жергілікті би-болыс, старшындардың өрескел қылықтарына төзбеген ол бір кездері өзі де болыстыққа сайлауға түскен көрінеді. Балақтан тартып, бақайдан шалғандар ойын жүзеге асыртпайды. Бұған музыкалық мұралар зерттеушісі Илья Жақанов өзін қоршаған ортаға қанағаттанбай, көңілі толмай, осы жағдайды өзгерту үшін кезіндегі Абай мен Шоқан секілді болыстыққа сайланғысы келмеген деген ой айтады. Керауыз кертартпалықты, алауыздықты, езілген жұртын, заңы-законымен езілеген үстем жақты көзімен көрген серінің өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаға деген наразылығы арта түседі. Осылайша ол, үнемі үстемдік құрып, шұрайлы жерін алып, қазақы пейілге жат жоралғыларын енгізе бастаған орыс отаршылармен қақтығыста жүреді. Орыстың заңын жақтап, соның сойылын соққан кейбір ел ішіндегі атқамінерлер Иманжүсіптің бұл әрекетін тиімді пайдаланып, от сала түседі. Ер мінезді ақын олардың қулықтарына ерегесіп, қаһарына міне түседі. Арада ерегес оты осылайша өршіп, ақыры қайсар рухты батырды орға жығып тынады.

Осынау мәліметтерді ұсынушы, философия ғылымының докторы, Л. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің профессоры, Иманжүсіптің немересі Раушан Иманжүсіптің айтуынша, Иманжүсіп – сері. Серінің жанында атқосшысы, қызметшілері еріп жүруі заңдылық. Біреуі атын баптайды, екіншісі киім-кешегін, тамағын күтеді, үшіншісі

домбырасын ұстайды дегендей. Бұл серілікке тән үрдіс. Сондықтан туғандары серіні жалғыз жібермей жанына жалау болып, еріп жүрген.

Иманжүсіп Құтпанұлы – сегіз қырлы, бір сырлы дарын иесі, әнші-композитор, сазгер, батыр, күрескер тұлға.

Қазақ тарихы мен өнерінің бастау қайнарында тұрған сал-серілердің, ірі талант иелерінің бәріне ортақ қасиет – көп қырлылық. Балуан Шолақ, Ақан сері, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Құрманғазы, Сары Батақұлы сынды өр мінезді өнер саңлақтарының Иманжүсіп өмірі мен өнерінде сабақтастық, үндестік байқалады. Бұл да болса, дала қырандарының еркін шалқыған қанат қағысының теңдестігі. Халқының сүйіктісіне айналған ерлердің, сахара сәнін бойына сіңірген серілердің рухани үндестігі.

Несібеме жазған екен менің түзден,

Қойыпты күдер үзіп, ел-жұрт бізден.

Қайран ел оқта-текте еске түссең,

Жасымды тия алмаймын екі көзден, – деп толғатып, зар шегіп, запыранын әнмен төгіп, қиын күндер бастан өткерген Иманжүсіптің әніне күллі жұртының, дархан даланың құлақ түруі – құрсағынан жаралған қарабұланнның қадірін білгендігі еді. Әрине, қарапайым кісі болса қапаса да төзіп бағар, алайда, бұлбұлды торға қамап ұстау дегеніңіз, оны өлімге кескенмен пара-парлығын ұғынған абзал. Сары даланың төрінде сайран салуға жаралған саңлақты, ақбөкендей еркін желген серіні торда ұстау дегеніңіз, өлім жазасына кескенмен тең емес пе? Жүйрік мініп, желіп жүріп, туып-өскен дархан даласының тау мен тасын, сай мен саласын аралап, шабыт алып, әнге салмай, өскен ортасының қолпашын көрмей, сұлудың ауылын жағалап түн қатпай серінің ісі бітер ме?

Шідердің үш балағын атқа салдым,

Иманжүсіп атымды хатқа жаздым.

Ата-бабам дәулеті арқасында,

Жұдырықтай басымды отқа салдым, – деп өзінің «Ерейментау» әнінде толғанғанындай ар-намыс бойды буып, көкіректегі қайнаған хас өнердің жалыны шыдатпай, әділетсіздікке деген ашу-ыза барлығы ер жігіттің «жұдырықтай басын отқа салмай» қояр ма. «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі» дейміз. Рухы биік батыр жат жұрттың көпе-көрнеу басынғандығын, ағайын-туыстарының тапталған рухын көріп, қарап жүре алмасы анық. Араша түседі. Басын бәйгеге тігеді.

Қайран басы шатылып, титықтап жүрсе де домбырасын күйлеп, көрген құқайларын жырға қосып, ән самғатып отырған. Ақын Нартай Бекежановтың ағасы Мансұр Бекежанов басы шатулы батырға «Иманжүсіпке хат» толғау өлеңін арнайды, оны 1914 жылы А. Байтұрсынов «Қазақ» газетіне жариялайды.

Тағдыр тәлкегімен Сыр бойына ат шалдырған Иманжүсіпті Аққала деген жерде ел күтіп алып, той жасап, құрметтейді. Қайда барса көпшіліктің құрметіне бөленген ақынның кереметтілігі неде екенін ұғыну қиын шаруа емес. Әрине, арқа сүйер адал азаматтың шен-шекпенге сатылмас арлылығына сүйінген әлеумет, оның жүректілігі мен білектілігіне де тәнті болып, зорлықшыл топтан құтқарып, көз жасын сүртер есіл ердің қылығын жасаған адамдығына бас иді. Сол қылығы үшін арқа тұтты. Әндеріне жылынды.

Бұл туралы ақынның тұяғы, Иманжүсіп атасының төңірегін түгендеп, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген, профессор Раушан Иманжүсіп бұй дейді: Қыпшақтың игі жақсылары Шиеліде бас қосып, Досбол шешеннің бел баласы Әуезге: «Иманжүсіптің артынан адам жіберу керек» деген тапсырма береді. Әуез қасына Мансұр ақынды алып, Иманжүсіпке хат жаздырады. Шиеліден шыққан ағайындары айлап жол жүріп, айдаудағы Иманжүсіпке осы хатты апарып тапсырғанда нар жігіт еңіреп тұрып жылаған екен деседі. Хатты алған соң Иманжүсіп Шиелідегі туған-туыстарына келіп, бірсыпыра уақыт қонақ боп, өскен жеріне қайтып кетеді. Бұл жөнінде «Шаштылар» атты шежіре кітабында төмендегідей дерек берілген: «Шиелі қыпшақтары сол тұста Иманжүсіптің Өскемен маңынан айдаудан

қайтқанын естіп, 1911 жылы Қобыланды, Жүсіп атты аталас туысқанын Арқаға аттандырады. Қобыланды Қараөткелде Иманжүсіппен, оның ағалары Ақшабай, Шонаймен кездесіп, елдегі туысқандарының сәлемін жеткізеді. 1850 жылы Шілік қырғынынан кейін Шашты қыпшақ әулетінің Шиеліге қарай ауа көшіп, Сырдарияның жағасындағы Домалақ Тоғай, Ошақты көл, Әулие Тораңғыл деген жерлерді мекен етіп жатқанын, бұларды Тұрғанбай датқаның артында қалған тұяқтар да көруге ынтызар екенін құлақтарына құйып кетеді. Содан 1913 жылдың күзінде Сырдағы ағайын-жұртымен танысып қайту үшін Иманжүсіп Шиеліге келеді. «Қазақ» газетінің жазуы бойынша: «Жұрт оны айрықша ардақтап, зор құрметпен қарсы алады. Басында салт атты, сабау қамшылы болып келген адам қайтарында мол олжаға кенеліп аттанады». «Иманжүсіпке хат» дастанының жазылу тарихы міне осындай.

Иманжүсіп мұраларының мәдени-тарихи маңызы

Мәдениет болмыс пен қоғамдық сананың, тәлім мен тәрбиенің, өнердің белгілі бір деңгейін, тоғысын көрсетеді дейік. Соның ішінде рухани мәдениеттің өзегі адамгершілік, ұлттық сана, дәстүр, халықтық мұралар деп тізбектей берсек, Иманжүсіп секілді тұлғалардың ғұмыр кешу ырғағынан руханият көшін көруге болады. Ол ақын, әнші, батыр, бір сөзбен айтқанда – сері.

Оның ерлік, серілік ғұмыры өзінің толғауларынан-ақ айқын аңғарылып тұрады.

Мен елімде жүргенде жұрттан астым,

Менменсіген талайдың көңілін бастым.

Жаныма ерген жігітке олжа салып,

Бір түнде сегіз қызды алып қаштым.

Менде дұшпан көп еді қамалаған,

Иттей болып барлығы абалаған.

Кіргенде Қараөткелдің базарына,

Қызық көріп, қазақ, орыс жағалаған, – осындай шумақтарын оқып отырып-ақ оның серілігін дәлелдеймін деп терлеудің қажеті шамалы-ақ.

Ақынның шығармашылық-өміржолын сипаттау үшін мәдени-тарихи жағдайлар мен дәстүрлермен астасқан ауқымды дүниелерді саралау маңызды. Осы жайларды ескере отырып, ең әуелі, қазақ мәдениетінің шоқтығы биік бекзаттарының болмыс-бітімін бағамдау қажет деген тоқтамға келеміз. Олардың болмыс-бітімі табиғат ананың бөлінбейтін бір бөлшегі іспеттес қазақы ұғымдармен астасып жатқан тас-түйін дүние. Олар дініне берік, салт-дәстүрге адал, өнерге пәк салқам жандар-тұғын. Олай демеске хақымыз жоқ. Өткені сол заман белесіндегі рухани түсініктің өзі әрбір дала перзентінің көкірегіне нық орныққан шаманизм мен ислами мәдениеттің нәрлі тұстары тоғысқан философиялық бағдар еді. Әрбір қазақ дініне берік еді. Салтына-дәстүріне адал еді. Тәні ғана емес, жан дүниесі таза еді. Көкірегі, ойы тегіс періштедей пәк болатын.

Мысалы, жасы 90-нан асқан шежіре қария бар екенін естіп іздеп барып жолықтық. Әлгі ақсақал бүй дейді: «Әкем, мұсылманша сауатты, төңірекке әулиелігімен аты жайылған ишан кісі еді. 30-шы жылдар үстінде Түрікмен жеріне ауа көштік. Жолда Қарақалпақ ойпатында біраз аялдағанбыз, бір күні көрші ерулікке шақырды. Бардық. Әкем алдына ет келгенде, әлгі еттен аузына бір жапырақ салды да, «ыңқ» деп түйіле тұрып қалып, аузына салған етті шығарып тастады. Шығарып тастады да: «Мынау харам ет қой» деді. Содан ұшынып, үш күн ауырып, көз жұмды».

Көрдіңіз бе, қазақ қандай таза болған? Арам асты дәмінен сезіп, Алла тағалаға деген адалдықтан аттадым деп ұғып, жанын қиды. Мұнда үлкен философиялық, тылсым нәрсе жатыр. Соның ішінде, Алла Тағала өне бойына сан өнерді, түрлі қасиеттерді үйіп-төгіп бере салған серілердің (*ерекше жаралған адамдардың*) өмірлік ұстанымы тіптен басқаша дер едік.

Олардың өмірлік ұстанымы ізгілік, имандылық және ғажап өнері мен күштілігіне қарамастан өте қарапайым еді. Негізі адам баласы өмірге ізгілікті, қарапайымдылықты, адамгершілікті, кісілікті арқалап келеді. Қатыгездік пен жауыздықты, сұмпайылық пен аярлықты көре бара үйренеді. «Қарапайым өмір сүрудің өзінде қандай да бір ізгілік болса керек» [2, 128-б.].

Салдық, серілік деген дүние екіншісіне берілмеген бақ деп қарау керек. Бұл Алланың ерекше сыйы. Жігіттің төресіне тандап қонатын дәреже. Бір адамның бойына бірнеше өнерді құя салу дегеніңіз, жаратушының сақи мырзалығы демеске шараң кәне? Ол өнерлердің бәрін берген құдай, ол жігітке соншама дүниені көтеріп жүретін білек пен жүрек те бере білді. Батырлықтың да, серіліктің де түп мәні рухтың биіктігінде жатыр. Рухы әлсіз кісі мұншама қасиетті көтеріп жүре алмасы хақ.

Серілер де тіршілікке деген сенімін адамгершілікпен астастырып, бойындағы өнерін, басқа да игі қасиеттерін (*батырлық, мергендік, аңшылық, саяткерлік, атбегілік, палуандық, қамшыгерлік, т.б.*) Алланың берген нығыметі деп ұғынып, тәні мен жанын, өне бойын таза ұстаған. Мысалы, арам жемеген, лас жерді баспаған, кір киім кимеген, дәретін алып, дұрыс жүрген. Жалпы, сал мен серінің мәдени-тарихи портреті көп қырлы және серпінді болуының қыры мен сырын ашып болғанымыз жоқ әлі. Олардың таным-түсінігіне тереңірек бойлауға мұршамыз келер емес. Өйткені олардың өмір салты: ән айтып, домбырада ойнауы, әдемі киінуі, жақсы ат, қыран бүркіт ұстау еркіндік философиясын, тұлғааралық қарым-қатынасты, сезімнің нәзіктігін, әлем мен әйелдің сұлулығын, табиғатпен бірлікті сезінуі, осынау қасиеттерімен көпшіліктен ерекшеленуінің мәнін ұғынуға тереңірек кетуге бір мақала көлемі көтермес еді. Яғни, серілердің бойында басшылық қабылет, лидерлік сенім мол болды. Олардың бұл әрекеті Л. Гумилевтың пассионарлық ұғымына сай. «Пассионарлық кейіпкерлер мақсатты түрде үстемдік етуге ынталы. Пассионарлық – бұл доминанттық сипатқа тән; бұл қандай да бір іс-әрекетке бағытталған сөзсіз ішкі ниет, кез келген мақсатты іске асыруға деген ұмтылыс. Пассионарлық ерекшелік – адамның мақсаты тіпті адамның өз өмірінен құнды болып табылады...» [3, 48-б.]. Шоң ғалым Р. Нұрханқызының ойынша пассионарлық тұлғаның негізгі белгілері: батылдық, мақтаныш, қызғаныш, күш-қуат, әрекет етуге деген ынтаның күшеюі, жанқиярлыққа деген дайындық құмарлықтың негізгі белгілері, өзін-өзі өлтіруге дайындық. Власованың айтуынша, пассионерлерге тән құбылыс «тарихи ілгерілеушілік сезімі, ата-бабалардың қатыгездікпен және көзсіз ерліктің кесірінен қайғылы өлімге бас тігуі, есте сақталуы, сөзді құдірет тұтып қастерлеуі» [4, 151-б.].

Ғалымның ойларымен санасар болсақ, Иманжүсіп арман-мүддесі айқын пассионарлық тұлға болды және сол мақсаты жолына ғұмырын арнады деуге толық құқымыз бар. Алған бетінен қайтпайтын қайсарлық бұрынғы баһадүр бабалардың хақ жолы десек, қанына сіңген өжеттікті орынды қолдана білген Иманжүсіп, ар-намысы үшін қасықтай қанын қиюға даяр жан ретінде көрінеді бізге жеткен ақпараттарда. Қолдағы құнды мәлімет ең әуелі, серінің бүгінге жеткен әндері. Өлеңдерінде ғұмыр жолы жазулы тұр десек қателеспейміз. Атақты әнші, композитор, суырыпсалма ақын, дала батыры Иманжүсіп Құтпанұлының

Асыл тұқым алдырдым Қызылжардан,

Өңшең жүйрік шал құйрық, қызыл нардан.

Таң мезгілі болғанда тас буынып,

Ауылына болыстардың салғам ойран, – деген сөздерінен-ақ оның өзіне сенімділігі анық көрініп тұр. Бұл тек құр мақтан емес. Ол, осы сөзіне лайқатты ер еді. Жүрекпен сөйлейді ерің. Аузына алла салған құдыретті өлең ғой бұл. Жүрекпен сөйлеп, жүрек әмірімен ғана әрекет еткен. Бұл да болса хакім Абайдың «толық адам» ұғымына сай келетін құбылыс дер едік. Иманжүсіптің тұлғалы аталарынан, дархан даладан көрген, түйгені мол еді және бойына біткен кісілік қасиеті жоғары еді. Соның бәрін замананың жай-күйіне қарай ыңғайлай білді. Оның мақсат-мүддесі ағайын-туысын, төңірегіндегі өзін бағалайтын жұртты азаптан құтқарып, оларды саясында паналатып, еркіндікке жеткізу болған. «Ізгіліктің

табиғаты мен маңыздылығы адам тіршілігінің жалпы мақсатынан көрінеді...» [6, 330-б.] дегенге құлақ түрсек, ақынның мақсаты айқын емес пе?

Бұғылы мен Тағылы бүркіт салған,
Ұйпалақтап қып-қызыл түлкіңді алғам.

Есіл, Нұра, Ереймен, Қарақойтас,

Көзімнен бұл-бұл ұшты дүние жалған [5], – дейді ол. Дүниенің жалғандығын пайымдап, күрсінеді. Мойымаса да мұңаяды. Далалық салт-санаға сай күңіреніп, шарасыз күй кешсе де жан дүниесі жасымайды. Ішіндегі өжеттік оты кеуде керемді. Ішкі мәдениеті сондай мықты қалыптасқан. Яғни бесіктен берілген ұлттық тәлім, тәрбие. «Мәдениетті адамдар интуитивті түрде қалай іс-әрекет ету керектігін біліп тұрады» [7, 102-б.] – дейді философтар. Осы нақты құбылыс сияқты. Ішкі ой-өрісі, заманынан мәдениеті жоғары Иманжүсіп сияқты атпал азаматтар да ішкі интуитивті тылсым дүниеге сүйеніп әрекет еткен деуге әбден хақымыз бар.

«Бір жұрттың басынан кешкен әр түрлі дәуір сол халықтың мінезіне, халықтық қалпына әртүрлі із қалдырып отыратыны тарих жүзінен белгілі» [8, 177-б.]. Біз әңгімелеп отырған өнерпаздың ғұмыр кешкен дәуірі көшпенді қазақ жұртының отарлық езгіге мойынсұнып, қажы бастаған тұсы. Осындай қауқарсыз жұрты пана қылар Иманжүсіптей батырлардың әр заманда болғаны хақ һәм бола да бермек. Сондай ерлерін әлеумет қастерледі. Әлгі, арқа сүйер ері бақиға кетсе де, оның есімін ардақтап, жадына тұтты.

«Әр заманның өз сұрқылтайы болады», дейді халық даналығы. Заманының опасыздары Иманжүсіпті қаншама қаралап жатса, оған деген халықтың сүйіспеншілігі сонша арта түсті. Жер аударып, торға тығып ұстаса да, елі, жұрты аяулы перзентін ардақтаудан танбады. Иманжүсіп қарақшы, елбұзар, сотқар деген дақпырттарға сенбеді, құлақ та аспады. Қамқор болар қабыланын іздей берді, сағына берді. Соның бір белігісі күні бүгінге дейін асқақ рухты әндері өз биігінен түскен жоқ. Өйткені оның әндерінде еркіндікке деген құштарлық, туған елге, атамекенге деген сүйіспеншілік, халқына деген махаббат оттай жанып тұр. Оның ерлік жолына, азаматтық ұстанамына, даралығына, дегдарлығына талай ақын-жазушы таңдай қағып өткен. Жазушы Ғабдол Сланов «Сезімі өрен ақын дос» естелігінде хас ақын Қасым Аманжоловтың Иманжүсіп әндеріне жоғары баға беріп, ұйып тыңдайтынын айта келіп, бүй дейді: «Иманжүсіптің белгілі әні мен Құрманғазының «Аш бөрі» секілді сөздері ірі әнін ұйып тыңдап, ерекше бір дара шыққан өлең шумақтарына келгенде мәз болып, қозғалақтап күлімдеп кететін. Әсіресе Иманжүсіп пен Құрманғазының үндестігі Қасымды мейлінше риза қылатын. Иманжүсіп патшаның айдауында жүргенде:

Қыран едім қор болдым торға түсіп,
Аспаным шығармын бір күн ұшып.

Тоқсан қатын толғатып ұл тапса да,

Бәрібір бола алмайды Иманжүсіп[5], – депті. Осыны естіген Қасым Құрманғазының

«Аш бөрі» әнінде айтылатын:

Бастан өтті жан шошыр талай майдан,

Шыққан жоқ атқан серкем терең сайдан.

Өзіммен ұлы дауға бір түсетін,

Ұл туар мендей жігіт қатын қайда! – деген бір сөздерін ең алғаш білгенде, ағасы базардан келген баладан артық қуанып, мәз болғанын көзіммен көргем».

Иманжүсіптің асқақтығы Балуан Шолақтың өрлігімен де астасып жатады.

Балуан Шолақ:

Жұртқа жағар ер жігіт қылығынан,

Сілтегенім кеткен жоқ құрығымнан.

Анталаған сан дұшпан камаса да;

Сырдың суы келмейді жұлығымнан, – десе,

Иманжүсіп:

Тумай жатып өш болды маған болыс,
Аударылды сол үшін талай қоныс.
Сатырлатып сабаушы ем шеттерінен,
Мынау ояз демеуші ем, мынау болыс, [5] – деп асқақтайды.

Иманжүсіптің қым-қиғаш ғұмыры Мәди Бәпиұлының тағдырына да ұқсас келеді. Өлеңдерінде де ұқсастық бар. Мысалы Мәди қуғын көріп, жортып жүріп, өзінің Қарқаралысын:

Атыңнан айналайын Қарқаралы,
Сенен бұлт менен қайғы тарқамады.
Сайыңнан саяқ құрлы сая таппай,

Мен бір жан қуғын көрген арқадағы, – деп әнге қосады. Ал, Иманжүсіп айдауда жүрген мезгілінде атамекені Ерейментауды сағына еске алып:

Ішім өлген, дүние-ай, құр сыртым сау,
Маған десең, көз жасым, жаңбыр боп жау.
Бүркіт салып басыңа шығар ма едім,

Бір көрінші көзіме, Ерейментау, – деп аңсайды. Бұл әндердің шумағында жалғыз мекені Қарқаралыны, Ерейментауды аңсау емес азаттықты, еркіндікті аңсау емеуріні жатқаны бесенеден белгілі. Қолына қыран бүркітті қондырып ап, жарау атпен таудың баурайынан аң шолу нағыз ер жігіттің еркіндігі емес пе? Мұнда бүкіл бодандық қамытын киген қазақтың арманы астасып жатыр ғой. Сондықтан да ән өміршең. Сондықтан да ән әр көңілге жылы, әр жүрекке жақын. Ойы еркін адамның қашан да болмысы еркін. Иманжүсіп сияқты жұртының бағына туған Балуан Шолақ та, Мәди де серілер еді.

Жалпы серілердің өне бойында еркіндік бары байқалады. Іс-әрекеттерінен де, әндерінен де азат адамның қимылы аңғарылып тұрады. Дана Аристотель былай фәлсапалайды, еркіндік адамның өзінің және оның барлық қасиеттерінің толық дамуын білдіреді. Адам неғұрлым дамыған сайын, соғұрлым ол құдайға жақынырақ және күшті, сондықтан өзіне көбірек жауапкершілік алады деген ой қалдырған [9, 317-б.]. Аристотельдің пікірі бізге құнды. Біздің де айтпағымыз осы орайда. Жаратушыға жаны жақын адамға ешқашан құлдық қамытын кигізу мүмкін емес. Олар Алладан басқаға бойұсынбайды. Сондықтан да бойы да, ойы да еркін. Серілердің дені ақын һәм әнші. Ал қазақ қашан да ақынын ардақтауға даяр. Қай заманда да ақындарын құрметтеп, төбесіне көтерген. Әлі де солай. Ал, «ақын сөзі өз кезеңінің өзекті мәселесін көтеріп қана қоймай, өткенді бүгінмен жалғастырар жанды байланыс түзіп, құнын жоймайтын әр таңда жаңа қырынан көрінгенмен, түбегейлі мәні арта түсетін ер және ел тағдырымен тамырлас мұрат, мүдделерді, құндылықтарды паш етеді» [10].

Иманжүсіптің азаматтық және шығармашылық тағдыры ұлттық еркіндік пен тәуелсіздік идеяларымен тығыз байланысты. Көпшілік оны қамқоршы тірегіндей көрген. Халық оған қапысыз сенген. Басына түскен ауыртпалықты арызын айту үшін қарапайым жұрт іздеп барып шағынған. Өйткені ол өзінің бойындағы жақсы қасиеттермен халықтық идеалға айналған тұлға. Өз кезегінде Иманжүсіп те қалың қарашаның шағымын аяқсыз қалдырмады. Солар үшін дауға да, жауға салды қайран басын. Бұған Қажымұқанды қамшымен тартып жіберген уақиғасы куә. Әбділда Тәжібаев дәуірдің қос алыбы – Қажымұқан Мұңайтпасов пен Иманжүсіптің рухани туыстығы туралы баян еткен. Бұл әңгімесі 1977 жылы «Жұлдыз» журналының 12-санында жарияланған. Әңгімеде Қажымұқанның Иманжүсіпті жоғары бағалап, құрмет тұтқаны туралы айтылады. Автор батырға былай деп баға береді: «Мәдиді айтамыз батыр деп, Иманжүсіпті де сол сапқа қосамыз. Екі метр бойы бар, ат шыдамайды екен астына. Қырық кісімен жалғыз өзі қамшымен ғана төбелесіпті» дейді [11]. «Ол да, Мәди де әуезді әндерінде махаббат сезімдерінің тереңдігін, ыстық жүректер жалынын, ғашықтардың үміттерін, қайратты рух пен халыққа адалдығын жеткізе білді», – деген тағы.

Өнердегі Иманжүсіп бейнесі мен өмірдегі Иманжүсіп тұлғасын сабақтастыра бейнелеуге ден қойылған мақалалар көптеп дүниеге келді. Жалпы алғанда, бұл мақалаларда Иманжүсіптің даралық келбетін нақты талдау басшылыққа алынған. Кейіпкердің түр-пішінін, адами ізгі қасиеттері мен талантын сипаттау түрлі үлгіде беріледі. Кейде мақала авторлары серінің сырт кескін-келбетін, мінез ерекшеліктерін толық келтіреді, енді бір тұста оның бойындағы қасиеттерді екінші бір адамның көзімен бағалау – жазушы шеберлігінің бір қыры. Иманжүсіпке қатысты жазылған поэзиялық көркем шығармаларда батыр ерлік пен бостандықтың нышаны, жазықсыз жапа шеккен күрескер тұлға, бойындағы дарынын туған еліне бағыштаған азамат ретінде сипатталып суреттелсе, ғылыми мақалаларда ел перзенті, кемелденген жастағы асқақ тұлға, жүйрік ат, алғыр тазы, қыран бүркітті серік еткен адам ретінде баяндалады. Журналист Ж. Орманбаевтың «Үлкен аға аузынан», «Аяулы аға шылауында», Ә. Тәжібаевтың «Палуан аға», Ғ. Слановтың «Сезімі өрен ақын дос», Ә. Қоңыратбаевтың «Иманжүсіп» мақала, әңгіме, естеліктері Иманжүсіпке арналады [12].

Қай тіршілік иесі болмасын өзінің ортасына, қоғамға сай икемделетіні ақиқат. XX ғасырдың басында дәуірлеген Иманжүсіп, бағзыдағы XV ғасыр қазағының күйін кеше алмасы тағы айдай анық. «Әр заманның өз сұрқылтайы бар» деп бабалар тегін айтпаған. Сол дәуірге жаратушы хақ Иманжүсіптей алыпты, қаракөз қарындасқа араша қылып жаратқан дағы. Ғасырына сай ғұмыр кешпеу мүмкін емес қой. «Егер адам өзінің іс-әрекеттерінде, ойларында және сезімдерінде қоғамнан өзін қиып тастаса, ол өзінің өмір сүру қайнарымен де байланысын үзеді» [13, 17-б.]. Ақиқаты сол.

Екі жағы дарияның қалың шұбар,
Көкмойынға үкілеп тақтым тұмар.
Бір түстеніп аттанған ауылымның,
Қыздары болушы еді маған құмар, – деп күркіреген атпал азаматты,
Нем бар еді иесіз көлге барып,
Дұшпаннан кек алмадым сайран салып.
Барамын іш құса боп, амал бар ма,

Теңбіл көк пен ақсауыт үйде қалып, – дегенге жеткізіп, пұшайман қылған заманның салқын өкпек желі еді. Сол замандағы қоғам. «Теңбіл көк пен ақсауыттың» мезгілі өтіп, отарлаушы елдің құрығының мойынға түскенінің белгісі. Бұл сахараны салт кешкен көшпенді халықтың қасіретті шағының басталғанының көрінісі. Олай демеске дәтін кәне. Сол, Иманжүсіп сияқты серілермен күллі көшпенді қазақтың еркіндігі шектелгендей. Мойынға түскен сол Әзірейілдің құрығында тулап, бас бермеген асаулардың қылған істері әрине оң жол еді. Дұрыс бағыт еді. Әзірейілдің құрығындай отарлыққа бас исең ұлттық мүддеден жүрдай болатынды сезгендіктен де сойыл ұстаған ғой, батырың.

«Дұрыс әрекет – жаман мен жақсының арасындағы алтын аралық» [14, 42-б.]. Алтын аралықта әрекет еткен абзал жандардың жан айқайы Иманжүсіптің барлық әндерінен есіп тұрады.

Тәуелсіздік идеялары тұнған серінің әндерінің екінші жағы далалық мәдениет, көшпенді жұрттың салт-дәстүрлеріне тән қасиеті. Табиғат анамен біте қайнасып жатқан қазақы тұрмыс-тіршіліктің ақиқи маңызы айшықталып жатқан өлең жолдарынан еркіндің рухы сезіледі.

Абылай аспас Арқаның сары-ай белі,
Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі.
Қырық мың жылқы су ішсе лайланбас,
Нияздың Аюлыда Қара-ай көлі.

Арқаның сары белін жайлаған сақи жұрт, мыңғырған жылқы шұрқұрасып құлайтын Қара көлдің тұнық суы... кербез дала, керемет көрініс. Еркін көшіп-қонған көшпенді, аспа-төк байлық, далалық ой, қазақы серпін. Ұлттық мәдениеттің нақ айшықты бейнесі. Ұлан-байтаққа тән кеңдік, биіктік жатыр астарында.

Аспаны асқақ, биіктікті сүйетін бүркітті серік қып, қасиетті қамшыны білекке, иманды жүрекке ілген тарпаң қасқыр мінезді, түлігі жылқы, түбі түркі қазақтың қай баласы да қайсар, өр келген. Дара шыққан жігіттің сұлтандарын «сері» деп айдарлап, ардақтай білген бекзат елдің танымы терең, талғамы бөлек. Бағзыдан ұласқан салты мен дәстүрі бар, әдеп-ғұрпы ғажап, ерлігі ерен, ой-санасы заңғар, ұлттың «сал», «сері» деп әспеттеген еркелері мен серкелерінің жаратылысын тану үшін сонау ескі ғасырларға үңілген абзал. Бағзыға бойласақ салдық, серілік дегеніңіз далалық даналардың, абыздық дәстүрінің мұрагері іспетті. Абыздар әлеуметтік-заңгерлік және «сұрқылтайлық» сияқты қоғамдық қызметті, сәуегейлік, емшілік сияқты міндеттерді қоса атқарған аса күрделі тұлға екенін алға тартып, абыздарды халық өнерін қалыптастырушы, тудырушы тұлға ретінде пайымдап, олардың көптеген ерекше қасиеттерін жіктеп шығып кейбір шығармашылық тұлғалардың: бақсылардың, жыраулардың, ақындардың, би-шешендердің, күйшілердің, жыршылардың, сал-серілердің абыздан өрбитіндігіне тоқталады.

Олай болса сал-серілік дәстүрдің арғы-бергі тарихы тереңірек зерделеуді қажет ететіні сөзсіз.

Қорытынды

Иманжүсіпті сал мен сері дәстүрінің лайықты мұрагері және жалғастырушысы ретінде қарастыру заңдылық. Қара басының қамын күйттемей, елін, жерін, жұртын қызғыштай қорыған адам туралы мақтана сөйлеуіміз жарасымды да. Бұл – көпке өнеге боларлық тұлға. Жасаған қызметтері, мейлі біреулерге жақпаса да, ол халықтың ұлы. Оны көпшілік жақсы көрді. Сенді. Соңынан ерді. Әнін құрандай жатқа соқты. Оның әндерінен қажыған көңілдеріне демеу іздеді. Оның әнімен бірге күрсінді, бірге оянды. Иманжүсіп үшін төңірегіндегі халқы жанын беруге даяр тұрды. Ал бұл өз кезегінде, отарлаушы елге өте жайсыз құбылыс еді. Еркін өскен көшпенділерді жалынан сипап жаңа ғана мойынсұндырып келе жатқанда, Иманжүсіп деген пері қайдан шықты. Оны құрту керек. Қалай да тұншықтыру ләзім. Әрине, билігі бар, күш мол мемлекет жойып салады. Бірден өлтірсе, қаракөз қазақ көтеріледі. Амалын тауып, ақсату керек деген оймен жер аударып, халін мүшкілдендіруді көздейді. «Ұра берсең құдай да өледі». Қанша батыр болса да адам темір емес, азады, қажиды. Осыны бағытқа алған отарлаушылар өйтіп-бүйтіп Иманжүсіптен құтылады. Ал Иманжүсіпті тұншықтыру, қазақты, бүкіл байтақ даланы тұншықтыру. Қазақ деген ұлы даланы иеленген ұлы ұлтты тұншықтыру. Ақыры солай болды да. Соңы осылай тынатынын қайран абыз бабалар білген. Білген соң бағынудан бас тартқан. Бұл дегеніңіз көрегендік. Яғни, мифологияда айтылатын болашағын болжаушы, ертеңін айқын бағдарлаушы адамдардың үрдісі бар бұларда. Қазіргі дінсіз қоғам мұндайға сене қоймас, ал ол заманда, Иманжүсіптің дәуірінде адамдар бұған анық сеніп, бас иген. Дегдар ғалым Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында Абайдың аузымен мынадай қисын айтады: «...Түсінде алдын көру – не соған салынған сәуегейдің, көріпкел, бақсы-балшының ісі. Немесе кітаптар айтатын әулие, пірдің ісі. Мен мұның бірі де емен. Қалайша көрдім? Мерзім алып, болжал етіп жүрген жайым емес. Бірақ ақыл-санамен жүретін көптен басқа, осындай сезімтал сергектік тағы бір жандарда болады. Ол – ақындар. Осы мен, тегі ақын болсам керек» [15, 44-б.].

Ал, ақын Қадыр Мырза Әли «Ақындардың арасындағы әулиелік бүгін ғана басталған қасиет емес. Ол – баяғыдан келе жатқан қасиет», – деп түйеді [16, 12-б.].

«Рух – жауһар болғандықтан, оны тек сипаттары арқылы ғана танып анықтауға болады» [17, 21-б.] десек, Иманжүсіптің рухынан қазақы сипат көреріміз даусыз.

Иманжүсіп – рухы таза һәм асқақ ақын. Ол – табиғат құя салған талант. Оның бойы да, ойы да, сойы да таза, пәк. Ал, пәк адамның арғы-бергіні көруі, сезуі заңды құбылыс. Оған көптеген мысалдар келтіруге болады. Ақындық, сәуегейлік туралы келесі мақалада толықтырып айтамыз.

Америкалық мифология зерттеушісі Джозеф Джон Кэмпбелл (1904–1987) «Батыр заманауи адам ретінде өледі, бірақ даңқы мәңгілікке қайта жанданады», – деген екен. Расында да, батыр Иманжүсіптің даңқы күннен-күнге асқақтай берері даусыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. IV том. / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2002. – 718 б.
2. Қазақ совет энциклопедиясы. 4-том / Бас редактор М.Қ. Қаратаев. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының Бас редакциясы, 1974. – 672 б.
3. Агамбен Д. Қастерлі адам / Ривкин Д., Райан М. редакциясымен. Кітапта: Әдебиет теориясы. Антология: 3 том. – Астана: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 440 б.
4. Гумилев Л.Н. Конец и вновь начало. – Москва: Айрис-Пресс, 2000. – 386 с.
5. Власова Г.И. Пассионарная образность поэзии Л.Н. Гумилева // Учение Льва Гумилева и современные народы Евразии: VI Международный Евразийский форум. – Астана, 2007. – С. 151.
6. Төлеутай Е. Иманжүсіптің әні // Ана тілі. [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=13946> (қаралды: 01.03.2020)
7. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы. 2-том: Орта ғасырлар философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 400 б.
8. Барнард А. Антропология тарихы мен теориясы. – Астана: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 240 б.
9. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 1-том: Мақалалар, пьесалар. 1917–1920. – Алматы: Дәуір, 2014. – 464 б.
10. Аристотель философиясы. Әлемдік философиялық мұра. 3-том. – Алматы: Саясат, 2005. – 568 б.
11. Нүсіпова Г. Қазақ философиясындағы еркіндік идеясы // Адам әлемі. – 2019. – №1(79). – Б. 75–88.
12. Тәжібаев Ә. Палуан аға // Жұлдыз. – №12, 1977. [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://adebiportal.kz/> (қаралды: 01.03.2020)
13. Кошенова Р. Тұлпардың ізімен. – Алматы: Қазығұрт, 2012. – 212 б.
14. Джонсон Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 216 б.
15. Әуезов М. Абай жолы. 2 том. – Алматы: Жазушы, 2013. – 431 б.
16. Мырза Әли Қ. Жазмыш. – Алматы: Атамұра, 2004. – 480 б.
17. Балтабаева А.Ю. Қожа Ахмет Ясауи философиясындағы рух мәселесінің қарастырылуы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1(115). – Б. 21–31.

REFERENCES

1. Qazaqstan: Ūlttyq ensiklopedia. IV tom. / Bas redaktor Á. Nysanbaev/. – Almaty: «Qazaq ensiklopediasy» baspasy, 2002. – 718 b. [in Kazakh]
2. Qazaq sovet ensiklopediasy. 4-tom / Bas redaktor M.Q. Qarataev. – Almaty: Qazaq sovet ensiklopediasynyń Bas redaksiasy, 1974. – 672 b. [in Kazakh]
3. Agamben D. Qasterli adam / Rivkin D., Raian M. redaksiasymen. Kitapta: Ádebiyet teoriasy. Antologia: 3 tom. – Astana: «Ūlttyq audarma burosy» qoǵamdyq qory, 2019. – 440 b. [in Kazakh]
4. Gumilev L.N. Kones i vnov nachalo. – Moskva: Airis-Press, 2000. – 386 s. [in Russian]

5. Vlasova G.Ī. Passionarnaia obraznost poezii L.N. Gumileva // Uchenie Lva Gumileva i sovremennye narody Evrazii: VI Mejdunarodnyi Evraziiskii forum. – Astana, 2007. – S. 151. [in Russian]
6. Tóleutai E. Īmanjúsiptiń áni // Ana tili. [Elektrondy resurs]. – Kiru rejimi: <http://anatılı.kazgazeta.kz/?p=13946> (qaraldy: 01.03.2020) [in Kazakh]
7. Kenni E. Batys filosofiasynyn jańa tarihy. 2-tom: Orta ğasyrlar filosofiasy. – Almaty: «Últtyq audarma burosy» qoğamdyq qory, 2018. – 400 b. [in Kazakh]
8. Barnard A. Antropologia tarihy men teoriasy. – Astana: «Últtyq audarma burosy» qoğamdyq qory. 2018. – 240 b. [in Kazakh]
9. Áuezov M. Şyğarmalarynyń elu tomdyq tolyq jinağy. 1-tom: Maqalalar, pesalar. 1917–1920. – Almaty: Däuir, 2014. – 464 b. [in Kazakh]
10. Aristotel filosofiasy. Álemdik filosofialyq mūra. 3-tom. – Almaty: Saiasat, 2005. – 568 b. [in Kazakh]
11. Núsipova G. Qazaq filosofiasyndağy erkindik ideiasy // Adam álemi. – 2019. – №1(79). – B. 75–88. [in Kazakh]
12. Tájibaev Á. Paluan ağa // Jūldyz. – №12, 1977. [Elektrondy resurs]. – Kiru rejimi: <https://adebiportal.kz/> (qaraldy: 01.03.2020) [in Kazakh]
13. Koşenova R. Tūlpardyń izimen. – Almaty: Qazyğürt, 2012. – 212 b. [in Kazakh]
14. Djonson D. Filosofianyn qysqaşa tarihy: Sokrattan Derridağa deiin. – Almaty: «Últtyq audarma burosy» qoğamdyq qory, 2018. – 216 b. [in Kazakh]
15. Áuezov M. Abai joly. 2 tom. – Almaty: Jazuşy, 2013. – 431 b. [in Kazakh]
16. Myrza Áli Q. Jazmyş. – Almaty: Atamūra, 2004. – 480 b. [in Kazakh]
17. Baltabaeva A.. Qoja Ahmet Iasauı filosofiasyndağy ruh máselesiniń qarastyrylyu // Iasauı universitetiniń habarşysy. – 2020. – №1(115). – B. 21–31. [in Kazakh]